



МУХТАР АЗЫ- ҚАЗАЛЫ



№66
(2131)
Сәрсенбі
26 шілде
2023 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

БАЙЛАНЫС ИНСПЕКЦИЯСЫНЫҢ ӨҢІРАРАЛЫҚ БАСШЫСЫ АУДАНҒА КЕЛДІ

Байланыс инспекциясының өңіраралық басшысы Ержан Тоқтағұлов ауданға іс-сапармен келді. Шалғай ауылдардағы байланыс желілерін жақсарту мақсатында арнайы шақыртумен келген Ержан Дәулетұлымен кездескен аудан әкімі Мұхтар Оразбаев елді мекендердегі байланыс желілерінің нашарлығын айтты.

- Бүгінгі күні «Шәкен», «Шилі», «Сарбұлақ» және тағы басқа елді мекендерде, сондай-ақ, ауданның кейбір жерлерінде байланыс өте нашар. Сондықтан да Өзіңізді ауданға арнайы шақырып отырмыз. Барлық мүмкіндікті пайдаланып, ауыл халқының жылдам байланысқа қол жеткізуіне жағдай жасауымыз керек, - деді аудан басшысы.

Мұнан соң сөз алған Ержан Дәулетұлы:



- Бүгін қасиетті Қазалы топырағына табанымыз тиіп отыр. Мақсатымыз - елді мекендердің байланысқа мұқтаждығын шешу. Сәтін салса, ауданға қарасты шалғай ауылдарға ат басын бұрамыз.

сәйкес жұмыс істейтін боламыз, - деді.

Басқосуға «Қазақтелеком» АҚ аудандық телекоммуникация торабы мен «Транстелеком» АҚ-ның аудандық филиалы, «Activ», «Beeline», «Altel» және «Kcell» АҚ операторлары қатысып, арнайы мамандармен бірлесіп жұмыс істеу қажет екені айтылды. Түрлі ұсыныстар жан-жақты талқыланды.

Жиын соңында Мұхтар Әуесұлы байланыс инспекциясының өңіраралық басшысына алғыс айтып, алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

Айта кетейік, мамандар алдағы күндері Қарақұм беткейіндегі елді мекендерге және «Майлыбас», Қ.Пірімов ауылдарына арнайы барып, байланыс желілерді жақсарту мақсатында тиісті шараларды жүргізетін болады.

ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТЫ НАЗАРДА



Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев Қазалы қаласындағы Т.Құлаханметов көшесіне арнайы барып, жол құрылысының жайымен танысты.

Аудан басшысы мердігер мекеме - «Қыран» ЖШС қызметкерлерімен кездесіп, жолдың сапалы салынуына қатты мән беру қажет екенін айтты. Сондай-ақ, құрылыстың уақытылы аяқталуын қатаң ескертті.

Мұнан бөлек, аудан әкімінің орынбасары Жалғас Сүйеубаев пен аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Мұрат Әбсұлтановқа Қазалы қаласындағы жол құрылыстарын бақылаудан шығармауды тапсырды.

АУДАН ӘКІМІ ТҰРҒЫНДАРДЫ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАДЫ



Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев кестеге сәйкес тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Жеке қабылдауға келушілердің басым көпшілігі тұрғын үй және жер кезегі, жол мәселесі, ауыз су, жайылымдық жерлер, тұрақты жұмысқа орналастыру жайы және жеке мәселелерді көтерді.

Аудан басшысы

тұрғындардың көкейінде жүрген сауалдарына жеке-жеке жауап беріп, әрбір мәселеге талқылау жасап, шешу жолдарын қарастырды.

Сондай-ақ, алдағы уақытта түйткілді мәселелерді бақылауда ұстайтындығын айтып, жауапты мамандарға тиісті тапсырмалар берді.

**Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі**

6 ТАМЫЗ – ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ АЯҚТАЛҒАН «ШӘКЕН» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ

«Шәкен» ауылдық округі әкіміне кандидат Сәрсенбаев Берекет Жұбанышбайұлының ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Сәрсенбаев Берекет Жұбанышбайұлы 1981 жылы 13 маусымда Жаңақазалы қыстағында дүниеге келдім.

1987 жылы Ж.Жабаев атындағы №234 қазақ орта мектебіне қабылданып, 1998 жылы №170 қазақ орта мектебін тәмамдадым. 1998-2003 жылдары Тараз қаласындағы Әулие Ата атындағы университетте «Заңгер» мамандығы бойынша жоғары білім алып шықтым.

Алғашқы еңбек жолымды 2006 жылы «Шәкен» ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы болып бастадым. 2010

жылы ҚР Қызылорда облысы бойынша экология департаментінің Қазалы ауданы бойынша уәкілетті мемлекеттік экологиялық инспекторы, бас маманы, 2013-2015 жылдары ҚР Қызылорда облысы бойынша экология департаментінің Қармақшы ауданы және Байқоңыр аймағы бойынша мемлекеттік экология инспекторы, 2015-2016 жылдың қараша айына дейін ҚР Қызылорда облысы бойынша экология департаментінің мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімінің мемлекеттік экологиялық инспекторы, 2016 жылдың қараша айынан 2022 жылдың 5 қазанына дейін ҚР энергетика министрлігінің Мұнай газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциясының Оңтүстік өңіраралық басқармасының бас маманы болып қызмет атқардым. 2022 жылдың қазанынан 2023 жылдың шілдесіне дейін Қазалы ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру және инспекторлық жұмысы бөлімінің басшысы қызметін атқардым.

Ендігі кезекте «AMANAT» партиясынан ұсынылған үміткер ретінде «Шәкен» ауылдық округі әкімінің сайлауына түсіп, ауылдың одан әрі өркендеуі, гүлденуі үшін қолымнан келгенше бар күш жігерімді жұмсап, өзекті мәселелердің оңтайлы шешім табуына жұмыс істесем деймін.

«Шәкен» ауылдық округі әкіміне кандидат Сәрсенбаев Берекет Жұбанышбайұлының сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Мені ауылдық округ әкімі етіп сайласаңыздар, алдағы 4 жылда:

«Шәкен» ауылының тұрғын үйлеріне сервистік ауыз су желісінің жүргізілуіне;

«Шәкен» ауылына жастар саябағын салуға;

«Шәкен» ауылына типтік жобадағы жаңа клубтың салынуына;

«Шилі» елді мекеніне газондалған ашық спорт алаңының салынуына;

«Шилі» елді мекенінің байланыс (ұялы, интернет) жүйесін жақсартуға;

Ауыл тұрғындары арасындағы өзекті мәселе-жұмыссыздықтың санын азайтуға. Бұл ретте:

«Ауыл аманаты» жобасы аясында ауыл тұрғындарының 2,5 пайыздық несиені алуға қол жеткізуіне мүмкіндік жасауға;

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға, көпбалалы отбасылар мен жастарға арналған гранттар, несиелерді алып беруге сүйемелдеу жұмыстарын жүргізуге;

«Таза ауыл» мәдениетін қалыптастыру үшін көркейту, көгалдандыру жұмыстарын әрі қарай жандандыруға;

Мал ауруларының алдын-алуға бағытталған шараларды ұйымдастыру, оның ішінде кенеге қарсы шараларды өткізуге;

Мал жайылымдық жерлерге қатысты мәселелердің оң шешімін табуға;

«AMANAT» партиясының «Халыққа көмек», «Бақытты отбасы» партиялық жобалары аясында ауыл тұрғындарына әлеуметтік көмек көрсету жұмыстарын қадағалауға, аз мөлшерде қамтамасыз етілген отбасылардың, қарттар мен мүгедектердің тұрмыс жағдайларын тұрақты түрде назарда ұстауға, мұқтаж жандарға көмек ұйымдастыруға;

Жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуге, олардың қоршаған ортаны қорғау мәдениетін дамытуға, округ көлемінде жастар саясатын жүйелі түрде жүргізу, жастар арасындағы жұмыссыздықты жою мен олардың демалысын өз деңгейінде өткізуге ықпал етуге;

Ауылдың қоғамдық-саяси ахуалын тұрақты ұстауға, оның ішінде санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды басты назарда ұстауға бар күш жігерімді жұмсаймын.

«Шәкен» ауылдық округі әкіміне кандидат Жұмағали Алтынбек Бахытұлының ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Жұмағали Алтынбек Бахытұлы 1976 жылы 7 наурызда Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, «Аранды» ауылдық кеңесінде дүниеге келдім. Ұлтым қазақ. Білімім жоғары. 1983 жылы Қазалы ауданы, «Өркендеу» ауылындағы №104 орта мектептің 1 сыныбына қабылданып, 1993 жылы 11 сыныпты бітірдім.

1998 жылы Ақтөбе

қаласындағы «Қайнар» университетіне оқуға түсіп, 2002 жылы құқықтану мамандығы, «заңгер» біліктілігі бойынша бітірдім.

1993 жылдың шілде айынан бастап «Өркендеу» серіктестігінде жұмысшы.

1994-1995 жылдары әскери міндетте болдым. Жамбыл облысы, Отар-2 станциясы, №01731 әскери бөлім.

1996 жылдың ақпан айынан бастап «Талап» шаруа қожалығында жұмысшы.

1999 жылдың мамыр айынан бастап «Бақытжан» шаруа қожалығында жұмысшы.

2003 жылдың наурыз айынан бастап «Өркендеу» ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маман-статисті.

2012 жылдың қыркүйек

айынан бастап «Қызылқұм» ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы міндетін уақытша атқарушы,

2012 жылдың қараша айынан бастап «Қызылқұм» ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы, 2020 жылдың қаңтар айынан бастап «Қызылқұм» ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы болып қызмет еттім.

2022 жылдың басынан шілде айына дейін «Қазалы ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас маманы болып қызмет еттім.

2022 жылдың маусым айынан осы кезге дейін «Бозкөл ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жетекші маманы қызметін атқарып келемін. Отбасылымын. 3 бала тәрбиелеп отырмын.

«Шәкен» ауылдық округі әкіміне кандидат Жұмағали Алтынбек Бахытұлының сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Ауыл тұрғындарына аудан орталығына қатынайтын қажетті қоғамдық көліктерді жүйелі түрде қатынату, көпір, жол мәселелерін ретке келтіру үшін жұмыс істеу;

Көшелерді жарықтандыру, абаттандыру;

Ауылдағы тәртіп мәселесін жолға қою, мал ұрлығы, ұсақ-түйек құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу үшін ішкі істер органдарымен бірлескен жұмыстарды қолға алу;

Учаскелік инспектормен, ауылдағы мекеме қызметкерлерімен бірлесіп тазалық жұмыстарын жандандыру, ауыл ажарын ашатын жасыл желекті көбейту;

Мемлекеттік бағдарламалар аясында кешенді жұмыстар істеу;

Округ көлемінде жұмыссыздық деңгейін азайту, кіші кәсіпкерлікті дамыту;

Халықтың әлеуметтік тұрмыстық тіршілігін жақсарту бағытында түрлі басымдықтардың, атаулы әлеуметтік көмек және қоғамдық, тұрақты жұмысқа тарту ең алдымен аз қамтылған отбасылардың пайдасына шешілуін басты назарда ұстау;

Ауылдық округ көлеміндегі барлық малдарды бірдейлендіру жұмыстарын жүргізу, малдардың түрлі жұқпалы ауруларын болдырмаудың алдын алу;

Бұқаралақ спортты насихаттау, жас спортшыларға көмектесу, демалыс орындарын салу;

Білім саласындағы елеулі мәселелерді оңтайлы шешу;

Салауатты өмір сүру салтын қалыптастыруды ұйымдастыру;

Жастардың басқа ағымдарға кіріп кетпеуіне жол бермеу мақсатында жұмыстар жүргізу.

6 ТАМЫЗ – ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ АЯҚТАЛҒАН «ШӘКЕН» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ

«Шәкен» ауылдық округі әкіміне кандидат Жүсіп Жаңаберген Серікұлының ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Жүсіп Жаңаберген Серікұлы 1980 жылы Қазақстанның 40 жылдығы атындағы совхоздың орталығындағы №94 мектебінің 1 сыныбына қабылданып, 1990 жылы 11 сыныпты бітірдім.

Білімім жоғары, 1991 жылы Қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді ауыл шаруашылығы институтына түсіп, 1996 жылы Қазақтың мемлекеттік аграрлық университетін «инженер-механик» мамандығы бойынша бітірдім. 2002 жылы Қазақ Академиялық университетіне оқуға түсіп, 2004 жылы Құқық және нарық академиясын «юриспруденция» мамандығы бойынша бітіріп шықтым.

Еңбек жолымды 1996 жылы «Жүсіп Серік» шаруа қожалығының механик-механизаторы болып бастадым. 1998-2006 жылдары Қазалы аудандық ішкі істер бөлімінде медициналық

айықтырғыштың кезекшісі, жедел уәкіл, кәмелетке толмағандар жөніндегі жедел уәкілі, қылмысты іздестіру бөлімшесі бастығының орынбасары, уақытша ұстау изоляторының бастығы және қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторы қызметтерін атқардым.

2006-2008 жылдары «Жүсіп Серік» шаруа қожалығының механик-экспедиторы, 2008-2010 жылдары «РЗА» акционерлік қоғамының механикалық жөндеу шеберханасының механигі, 2010 жылы «СМУ Қызылорда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің еңбек қауіпсіздігі жөніндегі инженері, 2011-2013 жылдары «РЗА» акционерлік қоғамының құрылыс шебері, 2013 жылы «Жүсіп Серік» шаруа қожалығының механик-экспедиторы, 2013-2017 жылдары «Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы» Қазалы өндірістік бөлімшесінің шебері қызметтерін атқардым. 2017 жылдың сәуір айынан бастап «Жүсіп Жаңаберген» жеке кәсіпкерлігінің (2016 жылы ашылған) басшысы болып қызмет атқарып келемін.

Ендігі кезекте аулымыздың өркендеуіне одан әрі атсалысып, гүлденуі үшін қолымнан келгенше бар күш жігерімді салып, өзекті мәселелердің оңтайлы шешім табуына жұмыс атқарсам деймін.

«Шәкен» ауылдық округі әкіміне кандидат Жүсіп Жаңаберген Серікұлының сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Мені ауыл әкімі етіп сайласаңыздар, алдағы 4 жылда:

Осы кезеңге дейінгі алған білімімді және өмірден жинақтаған іс – тәжірибемді округ тұрғындарының әл – ауқатын, тұрмыс – тіршілігін жақсарту үшін және шаруашылық құрылымдарының экономикалық нығаюына жұмсаймын.

«Шәкен» ауылдық округінің қызметін одан әрі жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірлеу және ауылдық округтің даму динамикасын көтеру бағытында жұмыстар атқару. Ауылдық округ аумағында елдің береке – бірлігін сақтау, ел ішінде атқарылатын барлық іс - шаралардың жүргізілу барысын ауыл ардагерлерімен ақылдаса отырып шешім қабылдау, ұлттық мәдени құндылықтарды насихаттай отырып, ауыл жастарының тәрбиесіне аса мән беру;

Ауыл ішінде орналасқан шағын кәсіпкерлерді қолдау, шаруа немесе фермер қожалықтарын ұйымдастыруға, кәсіпкерлік қызметті дамытуға жәрдемдесемін.

Ауыл тұрғындары арасындағы өзекті мәселе-жұмыссыздықтың санын азайтуға. Бұл ретте:

«Ауыл аманаты» жобасы аясында ауыл тұрғындарының 2,5 пайыздық несиені алуға жәрдемдесуге;

Көпбалалы отбасылар мен жастарға арналған гранттар, несиелерді алып беруге сүйемелдеу жұмыстарын жүргіземін;

Ауыл мен аудан орталығын жалғайтын автомобиль жолын жөндеуден өткізуге;

Жергілікті қоғамдастықпен бірлесіп, мал жайылымын тиімді пайдалануға;

Ауыл маңындағы ұңғымалы бұлақтарға тазалау жүргізуге және жаңадан бұлақ қазу үшін тиісті зерттеу жұмыстарын жүргізуге ықпал етуі;

Құзырлы органдармен бірлесіп ауыл

маңындағы құм көшкіндерін тоқтату жұмыстарын жүргізуге ұсыныстар енгізу;

Ауылдан жасыл белдеу құруға күшімді саламын.

«Таза ауыл» мәдениетін қалыптастыру үшін көркейту, көгалдандыру және санитарлық тазалық жұмыстарын әрі қарай жандандыру;

Мал ауруларының алдын-алуға бағытталған шараларды ұйымдастыру, оның ішінде кенеге қарсы шараларды өткізу;

Жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуге, олардың қоршаған ортаны қорғау мәдениетін дамытуға, округ көлемінде жастар саясатын жүйелі түрде жүргізу, жастар арасындағы жұмыссыздықты жою мен олардың демалысын өз деңгейінде өткізуге ықпал етуге. Осы орайда, ауылдан спорт секциясын ашуға ықпал етуге;

Ауылдағы мәселелерді шешу үшін әрине қаржы керек, ауыл бюджетінің көлемі де өздеріңізге белгілі. Осы орайда, ауылға түсетін салықтық түсімдерді көбейтуге жұмыс істеймін;

Ауыл тұрғындарына әлеуметтік көмек көрсету жұмыстарын қадағалау. Аз мөлшерде қамтамасыз етілген отбасылардың, қарттар мен мүгедектердің тұрмыс жағдайларын тұрақты түрде назарда ұстау. Мұқтаж жандарға көмек ұйымдастыру.

Аудан әкімдігімен бірлесіп, «Шәкен» аулына Арал ауданы, Тоқабай елді мекені арқылы ауызсу сервистік желісін тарту жұмыстарының жоба-сметалық құжаттамасын әзірлеу, жергілікті қоғамдастық өкілдерімен бірлесіп, осы жұмыстың сапалы жасалуын бақылайтын боламыз.

«Шилі» аулына интернет құру мәселесін шешуге ықпал ету және ауылды абаттандыру, оның ішінде балалар ойын алаңын, ауылдың кіре берісіне қақпа орнатуға жұмыс істеуге уәде етемін.

«Шәкен» ауылдық округі әкіміне кандидат Қаналы Бақытбек Оңғарбайұлының ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Қаналы Бақытбек Оңғарбайұлы 1979 жылы 3 қазанда Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, «Алға» ауылдық кеңесінде (қазіргі Алға ауылдық округі, Ү.Түктібаев аулы) дүниеге келдім. Ұлтым қазақ. Қазақстан Республикасының азаматымын. 1986 жылы №88 орта мектебінің табалдырығын аттадым. 1996 жылы 11 сынып-

ты бітірдім, 1996-1999 жылдары «Алға» ауылдық округінде «Ү.Түктібаев» ЖШС-да жұмысшы болып жұмыс істедім. 1999 жылы Қазақ Академиялық құқықтық институтына оқуға түсіп, Қазақ гуманитарлық Заң университетін «Заңгер» мамандығы бойынша 2003 жылы бітіріп шықтым. 2005 жылғы 14 ақпанда «Әйтеке би кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің маманы лауазымына жұмысқа қабылдандым. 2005-2007 жылдары «Сарыбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің маманы, 2007-2017 жылдары «Сарыбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы, 2017-2018 жылдары Қазалы аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің заңгері, 2018 жылдың шілде айынан бастап «Сарыбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас маманы лауазымында қызмет атқарамын. Отбасылымын. Үш ұл, бір қыз тәрбиелеп отырмын.

«Шәкен» ауылдық округі әкіміне кандидат Қаналы Бақытбек Оңғарбайұлының сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

«Шәкен» ауылдық округіне қарасты «Шәкен» аулына ауыз су құбырын жүргізу және әр үйге ауыз судың кіруіне ықпал етемін;

«Шәкен» аулынан жаңадан клуб ғимаратын салуға қаржы бөлдіремін;

«Әйтеке би - Шәкен» автотжолын салуға күш саламын;

«Шәкен» және «Шилі» елді мекендерін көркейту, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарына ықпал етемін;

«Шилі» елді мекеніне интернет пен ұялы байланыс құрылғысын орнатуға ықпал етемін;

Ауылдық округке қарасты жайылымдық жерлерді ауыл тұрғындарының пайдалануын бақылауға аламын;

«Шәкен» аулынан алдағы жылдары спорт көшенін салуды жоспарға енгіземін;

Ауыл жастарының Үкіметтен берілетін

жеңілдетілген несие алуларына жәрдемдесемін;

Жоғары оқу орнын бітіріп келген мамандарды ауылда тұрақтандыру мақсатында тұрғын үймен және де басқа жеңілдіктерді пайдалануына ықпал етемін;

Округке қарасты малшы ауылдарында ұңғымалы бұлақтар қазуға жәрдемдесетін боламын;

Шаруа қожалықтарының әлеуетін арттыру мақсатында ауыл шаруашылығы техникаларын жеңілдетілген әдіс арқылы алуына көмектесемін;

«Шилі» елді мекенін көгалдандыру мақсатында аяқ сумен қамтамасыз етуге қаржы бөлдіремін;

Сайлауалды бағдарлама 4 жыл мерзімге жасалатын болғандықтан әкім болып сайланған жағдайда басқа да округтің дамуына байланысты жұмыстармен айналысатын боламын.

6 ТАМЫЗ – ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ АЯҚТАЛҒАН «ШӘКЕН» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ

«Шәкен» ауылдық округі әкіміне кандидат Есенов Айболат Қадырбайұлының ӨМІРБАЯНЫ



Есенов Айболат Қадырбайұлы 1975 жылы 8 қазанда Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, «Қарашеңгел» ауылдық округінде дүниеге келген. Білімі – жоғары. 1998 жылы Қызылорда аграрлы – техникалық колледжін «мұнай және газ құбырларын бұрғылау», 2005 жылы «Болашақ» университетінің колледжін «халықты әлеуметтік қамсыздандыру ұйымдарының маманы», 2008 жылы «Болашақ» университетін «Заңтану» мамандықтары бойынша бітірген.

1996-2004 жылдары Қазалы ауданының теміржол саласында еңбек етіп, 2005 жылы ҚР ІІМ Қызылорда қаласындағы училищесінің тыңдаушысы, 2005-2007 жылдары Қызылорда облысы бойынша мамандандырылған күзет қызметі басқармасының Қазалы ауданында орналасқан

полиция взводының полицейі, 2007-2010 жылдары Қызылорда облысы полиция департаменті Жол полиция басқармасы жеке батальоны 3 взводының аға маманы-жол полиция инспекторы, 2010-2012 жылдары Қызылорда облыстық полиция департаменті Жол полиция басқармасы жеке батальоны «ШЕП» жүйесі Арал стационарлық бекетінің аға жол полиция инспекторы, 2012-2013 жылдары Қызылорда облыстық полиция департаменті Арал аудандық полиция бөлімі Жол полиция бөлімшесінің әкімшілік-практика инспекторы, 2013 жылы Қызылорда облыстық полиция департаменті Қармақшы аудандық полиция бөлімі Жол полиция бөлімшесінің бастығы, 2013-2015 жылдары Қызылорда облыстық полиция департаменті Қармақшы аудандық полиция бөлімі әкімшілік полиция бөлімі бастығының орынбасары, 2015-2022 жылдары Қызылорда облыстық полиция департаменті Арал аудандық полиция бөлімі Әкімшілік полиция бөлімшесінің Жол және техникалық инспекциясы тобының мемлекеттік автоинспекторы лауазымдарында қызмет атқарған.

07.07.2022 жылдан қазіргі уақытқа дейін ІІО-ның зейнеткері.

Отбасылы, зайыбы Есенова Жанар Абдикадировнамен бірге 5 ұл тәрбиелеуде.

Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын ауылдық округ тұрғындарына насихаттау, мемлекеттік бағдарламалардың елді мекендерде жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге, елді мекеннің әлеуметтік және экономикалық дамуына бар күш жігерімді саламын.

Қазақстан Республикасы Заңдарының мүлтіксіз орындалуына, ауыл тұрғындарының талап-тілек, арыз-шағымдарының өз шешімдерін табуын өз құзіреттілігіме сәйкес, немесе құзырлы мекемелерге жеткізу арқылы ықпал жасаймын.

Ауыл тұрғындарының әлеуметтік және экономикалық жағдайының жақсы болуы менің бірінші міндетім деп есептеймін.

Осы тұрғыда, тұрмысы төмен отбасыларға мемлекеттік бағдарламалар аясында көмек көрсету, бірінші кезекте жұмыспен қамту жұмыстарын жүргіземін.

Сонымен қатар, мал шаруашылығын жандандыруға, пайдаланымдағы жер асты құдық көздерін тазартуға, жаңадан ауыз су көздерін ашуға, мемлекеттік бағдарламалар арқылы пайызы төмен несиелер алуға, жаңадан шаруа қожалықтарын ашуға, малдардың түрлі жұқпалы ауруларын болдырмау, алдын алу мақсатында ветеринарлық бөлімдер арқылы тиісті жұмыстар жүргізетін боламын, мемлекет тарапынан мал шаруашылығы, т.б түрлі кәсіпкерлік субъекті шығындарын

субсидиялау жұмыстарының жүргізілуіне ықпал етемін.

Қолданыстағы заңдарға сәйкес, ауылдық округке қарасты мал жайылымдарын, қысқы мезгілге шөп дайындау учаскелерін кеңейту, мақсатында елді-мекен шекараларын нақтылау жұмыстарын жүргіземін.

Ауылдық округте тазалық жұмыстарының өз дәрежесінде жүргізілуіне, елді мекенді көркейту-көгалдандыру, абаттандыру жұмыстарын жүргізу мақсатында жолдарды жөндеу, жаяу жүргінші жолдарын, тұрақтар салу, жарықтандыру жұмыстарын жүргізетін боламын.

Жастар арасында жұмыссыздықты азайту мақсатында кәсіпкерлікті дамыту жұмыстарын жолға қоятын боламын. Кәсіп ашқысы келетін жастарға бизнес-жоспарларын дайындап, мемлекеттік бағдарламалар аясында жеңілдетілген несие, қайтарымсыз грант алуға көмектесемін.

Ауыл көлемінде жастар саясатын жүйелі жүргізу мақсатында олардың деңгейін өз деңгейінде ұйымдастыруға, мәдениіс-шараларды ұйымдастыруға ықпал жасаймын.

Ауылдық округте қылмыс пен құқық бұзушылықтың, оның ішінде қазіргі таңда шешімі табылмай тұрған өзекті мәселе болып табылатын отбасы – тұрмыстық және мал ұрлығының алдын алуға ішкі істер бөлімі және ауыл тұрғындарымен бірлесе отырып бар күш-жігерімді салатын боламын.

● Көңіл айту

Қазалы ауданының әкімдігі, аудандық және ауданнан сайланған облыстық мәслихаттардың депутаттары, аудандық қоғамдық кеңес, ардагерлер және әйелдер кеңесі аудандық мәслихаттың депутаты Әбдуәли Рақметовтың ағасы

МҰРАТ РАҚМЕТҰЛЫНЫҢ қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

ОТТАН САҚ БОЛ!

Жазғы жел, аптап ыстық кезінде өрт қауіпі арта түседі. Кішкене ғана ұшқын, сөндірілмеген күл-қоқыс, шылым қалдығы, кез келген жерде от немесе шырпы жағып, шылым тұтату орны толмас опық жегізуі мүмкін.

Тазалық жұмыстары кезінде күл-қоқысты өртегенде өте сақ болу керек. Оны күн тымық кезде, тұрғын үй құрылысынан қашық жерде өртеп, күлі сөнгенше қадағалап қасында тұру керек. Қайсыбіреулеріміз соны біле тұра көңіл бөлмейміз. Тұрғындар аулаларынан шыққан күл-қоқыс, шөп қалдықтарын тазалау кезінде жоғарыда көрсетілген ережелерді сақтаулары керек.

Өрт шығу салдарына кішкентай балалардың шырпымен ой-

сақтық жасамау, комбайнның, трактордың, автомашинаның түтін шығатын тұрбасынан құрғақ шөпке от ұшқынын түсіру, міне, далада шығатын өрттерге себеп осылар болып табылады. Өрт адамдардың маңдай терімен, еңбегімен өндірілген байлықты жоқ етіп кетпесін десек, онымен алдын-ала күресу керек.

Сондықтан шаруа қожалықтары трактор машиналарын дайындау кезінде, шөп орағы кезінде, әрбір шаруашылық басшылары мен шаруа қожалықтарының жетекшілері, механизаторлары мен жұмысшылары өрттен сақтану шараларын қатаң орындап отыру міндетім деп түсінуі керек.

Қазалы ауданының төтенше жағдайлар бөлімі

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор-бас редактор - 2-17-49, директор-бас редактордың орынбасары - 2-47-77, жауапты хатшы және бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11097 дана.